

Тереңөзек кентіндегі көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімінің 2010 жылғы 10 тамыздағы N 91 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 06 қыркүйекте N 10-8-128 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңы, Сырдария ауданы әкімі жанындағы аудандық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 5 ұйғарымы негізінде

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Тереңөзек кентіндегі Әйтек каналының оңтүстік бетіне жаңадан түсетін тұйық көшеге ауданға еңбегі сіңген азамат Ергешбаев Нәлқожаның атауы берілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

Б. Өтегенова